

БЕКІТЕМІН

**Қабылдау комиссиясының төрағасы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
басқарма төрағасы – Ректор**

Ж.Қ. Түймебаев

« 17 » 06 2024 ж.



В033 – Дінтану және теология білім беру бағдарламалар тобы бойынша түсушілерге арналған шығармашылық емтиханның БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ереже.

1.1 Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

1.2 Үлгілік қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес «В033 – Дінтану және теология» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар мынадай формада тапсырылады:

- 1) Кәсіби қабілеттілігі мен мамандыққа бейімділігін анықтау үшін әңгімелесу.
- 2) Дін негіздері бойынша ауызша емтихан.

1.3 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан өткізу кезеңінде емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына ҚазҰУ-дың оқытушылық-профессорлық құрамы, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

1.4 Шығармашылық емтихандарға ҰБТ пәндері бойынша, Қазақстан тарихынан кемінде 5 балл, Оқу сауаттылығынан кемінде 3 балл жинаған талапкерлер жіберіледі.

1.5 Шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін өтініштерді қабылдау ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 10 тамызы аралығында (грант конкурсына қатысу үшін 06 шілдеге дейін – барлық аймақтар, 15 шілдеге дейін – ТЖ режимі деп бекітілген аймақтар (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысы) Алматы қаласы эл-Фараби даңғылы 71, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында (-1 этаж) жүзеге асады.

1.6 Шығармашылық емтихандар ағымдағы жылдың 7–13 шілдесі және 11–15 тамыз аралығында өткізіледі. ТЖ режимі жарияланған аймақтар үшін (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысы) – 7–20 шілде аралығында өткізіледі.

1.7 Шығармашылық емтихандардың өту кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күіі, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына бұл туралы құжаттарды

қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі және университеттің ресми сайтында <https://farabi.university/> жарияланады.

1.8 Талапкерлердің шығармашылық емтихандарға жіберілуі жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

1.9 Талапкерлерге шығармашылық емтихандар басталғанға дейін емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, жауап беру регламенті, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

1.10 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады және Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

1.11 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау парағымен, рұқсат беру парағымен, комиссияның еркіп нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.12 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

1.13 Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.14 Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында құрамы төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.15 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді, апелляция шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13.00-не дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

1.16 Апелляциялық комиссияның шешімі апелляциялық өтініш негізіндегі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляцияға қатысты шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

1.17 Жоғары білімнің білім беру грантын алған талапкер шығармашылық емтихан тапсырған ЖОО-ға қабылданады.

1.18 Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (2-3-топтағы мүгедектер) электрондық цифрлық құралдарды (компьютер, ноутбук) мен прокторинг жүйесін бірінші шығармашылық емтиханда пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар қажет болған жағдайда қабылдау комиссия өкілінің техникалық көмегіне сүйене алады.

2. В033 – Дінтану және теология білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

1-ші шығармашылық емтихан - Кәсіби қабілеттілігі мен мамандыққа бейімділігін анықтау үшін әңгімелесу – ауызша түрде өткізіледі.

Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған сұхбаттасудың үлгілі сұрақтары.

1. «Дінтану» білім беру бағдарламасын таңдаудағы себебіңіз қандай?
2. Діни тақырыптағы кітаптарды оқисыз ба?
3. Қандай діни сайттарды білесіз?
4. Дін дегеніміз не? Қандай діндерді білесіз?
5. Сіздің діни ұйымдармен қандай да бір байланысыңыз бар ма?
6. Қандай кітап оқыдыңыз, қазір не оқып жүрсіз? Сүйікті авторыңыз?
7. Сізді қандай діни тақырыптар қызықтырады?
8. Сіздің тұрақты көретін діни телеарнаңыз?
9. Қандай дін ғұламалары мен теологтарын білесіз?
10. «Зайырлылық» ұғымын қалай түсінесіз?
11. Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың қандай үлгілерін білесіз?
12. Қасиетті орындарды зиярат ету туралы көзқарасыңыз
13. Қазақстан Республикасының Конституциясында дінге қатысты баптар бар ма?
14. Ислам діні бойынша қабірлерді зиярат ету туралы не айтылады?
15. Сіздің дінге және салт-дәстүрлерге деген көзқарасыңыз
16. «Бидғат», «ширк» ұғымдары туралы не білесіз?
17. Мазхаб ұғымын түсіндіріңіз
18. Дәстүрлі емес исламдық ағымдарға сипаттама беріңіз
19. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы: негізгі қызметі?
20. Діни экстремизм және терроризм туралы не білесіз?
21. Ислам дінінің бес парызын түсіндіріңіз.
22. Ұлттық діндерді атаңыз және оларға сипаттама беріңіз.
23. Әлемдік діндерді атаңыз және оларды сипаттаңыз
24. X. А. Яссауи ілімі

25. Абайдың қара сөздеріндегі дін туралы айтқандарын қалай түсінесіз?
26. Ы. Алтынсарин ислам діні туралы не айтқан?
27. Қазақстандағы діни ұйымдардың қызметін реттейтін заң
28. Қазақстандағы діни ахуалды сипаттаңыз
29. Қазақстандағы деструктивті діни ұйымдар
30. Саясат және дін мәселесі туралы не айта аласыз?

2-ші шығармашылық емтихан – Дін негіздері ауызша емтихан.

Талапкерге 15-20 минут беріледі.

Ауызша емтиханның үлгілі тақырыптары.

1. «Атеизм», «Дінтану», «Теология», «Құдай туралы ілім (Богославие)», «Исламтану»: ұқсастықтар мен айырмашылықтары
2. Секуляризация және декуляризация, сакрализация және десакрализация түсініктері
3. Шіркеу», «деноминация», «секта», «конфессия» ұғымдарының мағынасы
4. «Дін» түсінігі және діннің қызметтері, құрылымдары
5. Алғашқы наным-сенімдер және олардың түрлері
6. Көне түркілердің исламға дейінгі наным-сенім формалары
7. «Тәңір» және тәңіршілдік ұғымы
8. Көне түркілер мен қазіргі қазақтардағы ата-бабаларды қастерлеу ерекшеліктері
9. Зороастризм діні және «Авестаның» мазмұны
10. Ұлттық діндер
11. Конфуцийшілдік, даосизм және синтоизмнің дәстүрлері мен діни тәжірибелері
12. Индуизмнің діни ғұрыптарының ерекшеліктері
13. Иудаизмнің пайда болу және таралу тарихы
14. Христиандық, ислам және буддизмнің әлемдік дін ретіндегі ерекшеліктері
15. Әлемдік және ұлттық діндердің айырмашылығы мен ұқсастығы
16. Буддизм
17. Христиандық, негізгі бағыттары
18. Католиктік шіркеу
19. Православие шіркеуі
20. Протестанттық бағыт
21. Ислам діні, негізгі ағымдар мен бағыттары
22. Қазақстанда ислам дінінің пайда болу және таралу тарихы
23. Әбу Ханифа ілімінің мәні
24. Қазақстан территориясындағы сопылық: тарихы және таралуы

25. Ислам құндылықтарының, қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары
26. Ахмет Ясауи, түркі сопылығының негізін салушы
27. Қазақстанда жаңа діни ағымдардың таралу себептері
28. Діни радикализм, фундаментализм, фанатизм және діни экстремизм және терроризм ұғымдары
29. Қазақстандағы діни ахуал
30. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының және Орыс православие шіркеуінің қызметін талдау

Ауызша емтиханды бағалау критерийлері:

Критериилер	Дескрипторылар	Баллдар
Тақырыптың ашылу тереңдігі	мәселе ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, теориялық деңгейде ашылған	15
Баллдың максималды мөлшері - 30	мәселені ашу кезінде өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	10
	әртүрлі дереккөздерден ақпарат алынған	5
Композициялық тұтастық және ойды баяндау логикасы Баллдың максималды мөлшері - 15	Композициялық тұтастықтың болуы, ойдың құрылымдық бөліктері логикалық сабақтастық тапқан	5
	Ішкі логиканың болуы, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге өту дағдысы	5
	Қорытындылар мен тұжырымдарының болуы	5
Тілдік мәдениет Баллдың максималды мөлшері - 5	вокабулярдың жоғары деңгейін көрсету (ғылыми терминологияны білу, стилистика)	5
Максималды балл		50

3. Дайындық үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Байтенова Н. Ж. Борбасова К.М., Курманалиева А.Д., Мейрбаев Б.Б., Рысбекова Ш.С., Абжалов С.У. Дінтану. Оқуқұралы «Қазақуниверситеті» – Алматы, 2018.
2. Байтенова Н.Ж. Рысбекова Ш.С. Бейсенов Б.К. және т.б. Дінтану: энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2018.

3. Гарифолла Есим, А. Абуов, Е. Смагулов. Основы Религиоведения – Учебник, 2010.
4. Кенжетаев Д.Т., Сайлыбаев А.А., Новикова Г.Н. Светскость и основы религиоведения. – Учебник, 2016.
5. Яблоков И. Основы религиоведения
https://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/Jablok/Index.php

**Философия және саясаттану
факультетінің деканы**

**Дінтану және мәдениеттану
кафедрасының меңгерушісі**



Мейрбаев Б.Б.

Курманалиева А.Д.

Handwritten signature of Kurmanaliev A.P.
Курманалиев А.П.